КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2023 жылғы 22 қараша №4360-23-00-2/2736 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Е.Елшібеков,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

**ЖАУАПКЕР**:
Жеке кәсіпкер «РоллТ» атауымен әрекет етуші Родион Олегович Родионов

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**
АПК-нің 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер «РоллТ» атауымен әрекет етуші Родион Олегович Родионовты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «РоллТ» атауымен әрекет етуші Родион Олегович Родионов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «РоллТ» атауымен әрекет етуші Родион Олегович Родионовтан «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының пайдасына 736 (жеті жүз отыз алты) теңге тұрақсыздық айыбы және мемлекеттік бажға төлеген сот шығысы 22 (жиырма екі) теңге, барлығы 758 (жеті жүз елу сегіз) теңге өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «РоллТ» атауымен әрекет етуші Родион Олегович Родионовтан мемлекет кірісіне сот шығысы мемлекеттік баж сомасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

**Судья** **Б. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 24.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.01.2024, судья Елшібеков Б. Е., 17.01.2024

4360-23-3-1/2914